

**«6D050100 - Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия
докторы (Ph.D) дәрежесін алуға ұсынылған
«Студент жастардың саяси әлеуметтенуі: ірі қала жағдайындағы
салыстырмалы талдау» тақырыбындағы
Даурен Еренгалиевич Несипкалиевтің
диссертациялық жұмысына ғылыми көзесшінің**

ПІКІРІ

Диссертациялық жұмыста студент жастар әлеуметтенуінің Қазақстандағы қазіргі жағдайы мен даму тенденциялары шетелдік тәжірибемен салыстырыла қарастырылған және оған әсер етуші замануи факторларға терең талдау жүргізілген.

Бұл зерттеудің өзектілігі Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі соңғы жиырма-отыз жылдардағы сөз бостандығы, демократияландыру, саяси коммуникациялар жүйесіндегі түпкілікті өзгерістердің студент жастардың саяси әлеуметтенуіне тікелей әсерімен байланысы. Қазіргі заманғы көзқарас еркіндігі мен саяси баламалардың қеңдігі, жастардың саяси болашағына қатысты белгісіздікке әкеледі және оларды қазақстанның қоғамның саяси өміріне қосу тетіктері толығымен анық емес. Сонымен қатар, Интернеттегі өзіндік ақпараттар ағыны мен коммуникация мәдениеті қалыптасқан әлеуметтік желілер сияқты құбылыстың пайда болуын атап өту қажет. Бұл әлеуметтік желілердің саяси өмірдегі рөлі, сондай-ақ олардың студент жастардың саяси санасына әсер ету дәрежесі де зерттеушілік қызығушылықтың проблемалық өрісі мен мәнін құрайды.

Диссертациялық жұмыс екі тараудан тұрады. Бірінші тарауда жастардың саяси әлеуметтенуі саяси жүйенің тұрақтылығының маңызды факторы ретінде қарастырылып, теориялық негіздеме жасалады және әртүрлі әлеуметтік агенттерге жасалған замануи зерттеулер терең талданады. Мұнда жасалған қорытынды, қазіргі заманда қай әлеуметтік институттың саяси агент ретіндегі ықпалы басымырақ туралы зерттеулерде нақты дәлел жоқ, алайда интернет технологиялары, жаңа медиа мен әлеуметтік желілер жастар өміріндегі барлық дерлік агенттерді ығыстырыған. Мұндай жағдайда саяси әлеуметтену процесі жаппай анонимді, басқалардан жасырын өтеді. Нәтижесінде жастардың саяси әлеуметтену динамикасының өзгеріске ұшырауда және саяси қатысадының жаңа формалары пайда болған.


Екінші тарау студент жастардың саяси әлеуметтенуінің қазіргі жағдайы мен өзекті мәселелері, университеттің рөлі талданған. Жасалған тұжырымдар әмпирикалық зерттеу деректері мен статистикалық мәліметтерге сүйене отырып жасалған. Студент жастар жалпы саясатқа қызығушылық танытқанмен өз өмірлерін саясатқа арнамайтыны анықталған. Үлттық сайлауда дауыс беретін жастардың үлесінің төмендеуі қазіргі күнде көптеген елдерде байқалады. Саяси партияға мүше болуда оларды мүлде қызықтырмайды. Қоғамдық жұмыстар студенттерге әлеуметтік мәселелердің жүзінде шешуге мүмкіндік береді. Қазіргі 18-23 жастағы студент жастар

нағыз милениалдар, олар қоғамдық мұдделерді жеке немесе партиялық мұдделерден жоғары қоятын идеалистік саясатты қалайды және саяси өмірге араласудың, наразылықтарын білдірудің де шығармашылық жолын табады, әділетті, тен және тұрақты болашақты қамтамасыз ететін қоғамдық саясатқа сенеді.

Жалпы бұл диссертациялық жұмыс авторлық позициялардың дәлелдігімен ерекшеленеді, қолданыстағы деректерді ұтымды пайдаланған және логикасы түсінікті, зерттеу мақсаты орындалды деп есептеймін. Зерттеу нәтижесі бойынша жасалған практикалық ұсыныстарды студент жастарды саяси әлеуметтендіруде университеттерде қажетті дамыту көздерін қолдау бойынша мемлекеттік саясатта талқылауға ұсынуға болады.

Даурен Еренгалиевтің докторлық диссертациялық жұмысының практикалық тұрғыдан маңыздылығын ескере отырып, ол өз бетінше жасалған, ғылыми-техникалық талаптарға сай деп тұжырымдалады және корғауға ұсынылады.

Ғылыми көңесшісі
Абай атындағы ҚазҰПУ
саясаттану және
әлеуметтік - философиялық пәндер
кафедрасының менгерушісі
с.ғ.д., профессор



Ж.К.Симтиков

05.05.2023 м